

Бекітемін  
Техникалық директор  
«Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС  
\_\_\_\_\_ Тастанов А. Н.  
« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ г.

## **Электрмен жабдықтаудың электр желілеріне қосу және қосуға техникалық шарттар беру рәсімі**

Тұтынушылардың электр қондырғыларын "Оңтүстік Жарық Транзит" ЖШС электр желілеріне қосу кезіндегі әрекет ету тәртібі

1.Техникалық шартқа өтініш беру:

- "Оңтүстік Жарық Транзит" ЖШС кеңсесі (Шымкент қ., Б. Саттарханов к-сі , 10/1, 101 кабинет, тел:50-54-16-ішкі 3-35) арқылы, 1- Қосымшаға сәйкес;
- Мемлекеттік органдар үшін, техникалық шарттарды беруге өтінішті «tehusl@ojt.kz» электрондық пошта арқылы беруге жол беріледі;
- "электрондық үкімет" Мемлекеттік корпорациясы веб-портал арқылы жүзеге асырады;
- құрылыс объектілерін беруге, өтінішті сәулет және қала құрылысы органы сәулет-жоспарлау тапсырмасын дайындау кезінде қалыптастырады, және электрондық нысанда жібереді.

Жаңадан іске қосылатын немесе қайта жаңартылатын электр қондырғыларын қосуға техникалық шарттар мен жасалған және қол қойылған тұтынушыны электр желілеріне қосу схемасымен электр желілерінің теңгерімдік тиесілігін және тараптардың пайдалану жауапкершілігін ажырату актісі көшірмесімен беру:

- 1) техникалық күрделі емес объектілер үшін – екі жұмыс күні ішінде;
- 2) техникалық күрделі объектілер үшін – бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

**ТЕХНИКАЛЫҚ ШАРТТАРДЫ БЕРУ ЖӘНЕ ҚАЙТА РЕСІМДЕУ ҮШІН ТӨЛЕМ АЛЫНБАЙДЫ.**

2.Жобаны және құрылыс-монтаж жұмыстарын орындау (тұтынушы өзі, лицензиясы бар ұйымды таңдайды).

3.Құрылыс-монтаж ұйымы (заңды тұлғалар үшін) немесе тұтынушы (жеке тұлғалар үшін) орналасқан жері бойынша аудандық электр желілеріне (АЭЖ), техникалық шарттардың орындалуы және электр қондырғыларына кернеу беруге дайындығы туралы хабарламаны (еркін нысанда) (3-Қосымшаға сәйкес) құжаттарды қоса бере отырып, (2-Қосымшасына сәйкес) нысан бойынша электрмен жабдықтаудың шартын акцептеу туралы өтінішті жібереді.

«Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС-і:

- хабарламаны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде сыртқы қосылуды және орындалған жұмыстардың берілген техникалық шарттарға сәйкестігін тексереді;
- хабарламаны алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде (ескертулер болмаған жағдайда) тұтынушылардың электр қондырғыларына кернеу беруді, электр энергиясын коммерциялық есепке алу жүйесін пломбалауды жүргізеді, сондай-ақ электр энергиясын коммерциялық есепке алу жүйесін пломбалау актісін және тұтынушыны қосу схемасымен бірге электр желілерінің теңгерімдік тиесілігін шектеу және тараптардың пайдалану жауапкершілігі актісінің түпнұсқасын береді;
- электр энергиясын коммерциялық есепке алу жүйесін пломбалау актісі берілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде тұтынушы таңдаған энергиямен жабдықтаушы ұйымға құжаттарды жібереді.

## Объектінің иесі ауысқан кезде

Объектінің иесі ауысқан кезде жаңа меншік иесі меншік құқығы тіркелген сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде орналасқан жері бойынша аудандық электр желісіне (АЭЖ) 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, 3 -Қосымшада көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, электрмен жабдықтау шартын акцептеу туралы өтініш жібереді.

«Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС-гі:

-2 (екі) жұмыс күні ішінде жаңа меншік иесіне тараптардың теңгерімдік тиесілігін және пайдалану жауапкершілігін шектеу актісін береді және жаңа меншік иесі таңдаған энергиямен жабдықтаушы ұйымға электрмен жабдықтау шартын жасасу үшін 4 -Қосымшада көрсетілген құжаттарды жібереді.

**ИЕСІ ӨЗГЕРГЕНДЕ, МЕНШІК ИЕСІ АУЫСҚАН ЖАҒДАЙДА, БҰРЫН БЕРІЛГЕН ТЕХНИКАЛЫҚ ШАРТТАР ҚАЙТА РЕСІМДЕЛМЕЙДІ**

### ҚОСЫМША №1

1-нысан  
Тұтынушы:

\_\_\_\_\_

жеке тұлғаның аты, әкесінің аты  
(болған жағдайда), тегі немесе  
заңды тұлғаның атауы  
Тұтынушының  
мекенжайы, телефоны, факс  
және электрондық поштасы:

\_\_\_\_\_

(қолы)

20\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

## Электрмен жабдықтау желілеріне қосуға техникалық шарттарды беруге арналған өтініш

Объектінің (жұмыс істеп тұрған, реконструкцияланатын) толық атауы, оның мекенжайы, орналасқан жері, қосылу орны)

\_\_\_\_\_

Техникалық шарттарды беру қажеттілігі (қажеттісін белгілеу): уақытша электрмен жабдықтауға (кұрылыс кезеңіне), тұрақты негізде электрмен жабдықтауға)

Мәлімделген қуат: \_\_\_\_\_ килоВатт (бұдан әрі – кВт)

Кернеу деңгейі (қосылатын қондырғының номиналды кернеуі) \_\_\_\_\_ Кв

Электрмен жабдықтау сенімділігінің санаты (қажеттісін белгілеу): (1, 2, 3)

Қосалқы тұтынушылардың тізбесі және олардың электр қондырғыларының сипаттамалары:

---

Мыналар қоса беріледі:

**1-қосымшаға сәйкес 1-нысан бойынша электрмен жабдықтау желілеріне қосуға техникалық шарттар беруге өтінішке қоса беріледі:**

1) жеке тұлғалар үшін – объект иесінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, жеке кәсіпкер куәлігінің көшірмесі немесе дара кәсіпкер ретінде қызметтің басталғаны туралы хабарламаның көшірмесі, заңды тұлғалар үшін – мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі немесе анықтама;

2) ахуалдық жоспар;

3) дербес немесе сарапшы ұйымды тарта отырып орындалған мәлімделген электр қуатының есептеу-негіздемесі;

4) электрмен жабдықтау объектісіне құқық белгілейтін құжаттардың көшірмелері;

5) электр қондырғыларының есептік қуаты 5 МВт және одан жоғары тұтынушылар өтінімге жобалау қызметімен айналысуға лицензиясы бар мамандандырылған жобалау ұйымы әзірлеген тұтынушының сыртқы электрмен жабдықтау схемасын қоса береді. Тұтынушыны сыртқы электрмен жабдықтау схемасы электр желілеріне қосу жоспарланып отырған энергия беруші және (немесе) энергия өндіруші ұйыммен келісіледі. "Тұтынушыны сыртқы электрмен жабдықтау схемасының" мазмұны 2-нысанда келтірілген.

2-нысан  
Тұтынушы:

\_\_\_\_\_

жеке тұлғаның аты, әкесінің аты  
(болған жағдайда), тегі немесе  
заңды тұлғаның атауы  
Тұтынушының  
мекенжайы, телефоны, факс  
және электрондық поштасы:

\_\_\_\_\_

(қолы)

20\_\_ жылғы "\_\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

**Тұтынушыны сыртқы электрмен жабдықтау схемалары**

1) электрмен жабдықтаудың қазіргі жай-күйіне және үш, бес-он жылға арналған даму перспективасына шолу;

- 2) тұтынушылардың электр жүктемелері және оларды өтеу көздері;
- 3) қуат пен электр энергиясының теңгерімдері (қазіргі жай-күйі мен үш, бес-он жылға арналған перспективасы);
- 4) сыртқы электрмен жабдықтау схемасының нұсқалары;
- 5) сыртқы электрмен жабдықтаудың ұсынылатын схемасының негіздемесі;
- 6) қаралып отырған ауданның іргелес электр желілерімен бірге электр режимдерін (қалыпты, авариядан кейінгі режимдер) есептеу;
- 7) жабдықты таңдау үшін қысқа тұйықталу токтарының деңгейлерін есептеу;
- 8) релелік қорғау мен автоматиканы, аварияға қарсы автоматиканы орындау қағидаттары;
- 9) диспетчерлік және технологиялық басқаруды ұйымдастыру қағидаттары;
- 10) электр энергиясын есепке алу (есепке алу аспаптары);
- 11) энергия үнемдеу және энергия тиімділігі бойынша жоспарланған іс-шаралар;
- 12) электр желілік құрылыстың көлемі, құрылыс құнының ірілендірілген есебі;
- 13) тұжырымдар;
- 14) сызбалар: қағидаттық схемалар, карта-схемалар немесе ахуалдық жоспар, электр режимдерін есептеу нәтижелері, диспетчерлік және технологиялық басқаруды ұйымдастыру схемалары, релелік қорғаныс және автоматика құрылғыларын орналастырудың қағидаттық схемасы.

ҚОСЫМША №2

НЫСАН

**Электрмен жабдықтау шартының акцепті туралы өтініш**

Кімге: \_\_\_\_\_  
(тұтынушы желілеріне қосылатын энергия беруші немесе энергия өндіруші

ұйымның атауы)

Кімнен: \_\_\_\_\_

"Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 5-бабының 5) тармақшасына сәйкес электрмен жабдықтауға шарт жасасу үшін қажетті Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы №143 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10403 болып тіркелген) Электр энергиясын пайдалану қағидаларының 4 немесе 4-1-тармақтарына сәйкес (энергиямен жабдықтаушы ұйымның атауы) құжаттарды беруге келісім беремін.

Дербес деректерді жинауға, өңдеуге және сақтауға келісім беремін.

Сондай-ақ

\_\_\_\_\_ қысқа мәтіндік хабар ұялы телефон нөміріне;

\_\_\_\_\_ мультимедиалық хабар ұялы телефон нөміріне;

\_\_\_\_\_ қолданыстағы мессенджерлерді пайдаланатын ұялы телефон нөміріне;

\_\_\_\_\_ электрондық поштаға;

\_\_\_\_\_ пошта мекенжайына жіберу арқылы электр энергиясын тоқтату туралы (электрондық пошта, факс, пошта жөнелтілімі, қысқа мәтіндік хабар, мультимедиалық хабар, қолданыстағы мессенджерлерді пайдалану) хабарлама алуға келіскенімді хабарлаймын.

Тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)

Қолы

Күні

ҚОСЫМША №3

Электрмен жабдықтау объектілері кондоминиумдар құрамында жоқ тұтынушылар үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманың көшірмесі (заңды тұлғалар үшін), рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен үзінді көшірме (жеке кәсіпкерлер үшін) немесе жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (жеке тұлғалар үшін);

2) жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар туралы анықтаманың немесе құқық белгілейтін құжаттың көшірмесі;

3) ұйымның бірінші басшысын қоспағанда, жеке басын куәландыратын құжатты қоса бере отырып, электрмен жабдықтау шартын жасасуға уәкілетті тұлғаға берілген құжаттың (бұйрықтың, сенімхаттың, тұлғаның өкілеттігін растайтын құжаттың) көшірмесі (заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлер үшін);

4) банктік деректемелер (банктің атауы, ағымдағы шоттың №) – заңды тұлғалар ғана ұсынады.

Электрмен жабдықтау объектілері кондоминиумдардың құрамында болатын тұтынушылар үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) Электр энергиясын пайдалану қағидаларының (өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін 2020 жылғы 6 ақпандағы № 43 бұйрығымен) 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кондоминиум құрамындағы тұтынушылар үшін электр желілерінің теңгерімдік тиесілігін және тараптардың пайдалану жауапкершілігін ажырату актісінің көшірмесі, заңды тұлғалар ғана ұсынады;

2) мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманың көшірмесі (заңды тұлғалар үшін), рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен үзінді көшірме (жеке кәсіпкерлер үшін); жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (жеке тұлғалар үшін);

3) ұйымның бірінші басшысын қоспағанда, жеке басын куәландыратын құжатты қоса бере отырып, электрмен жабдықтау шартын жасасуға уәкілетті тұлғаға берілген құжаттың (бұйрықтың, сенімхаттың, тұлғаның өкілеттігін растайтын құжаттың) көшірмесі (заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлер үшін);

4) банктік деректемелер (банктің атауы, ағымдағы шоттың №), заңды тұлғалар ғана ұсынады;

5) жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар туралы анықтаманың немесе құқық белгілейтін құжаттың көшірмесі

#### ҚОСЫМША №4

Электрмен жабдықтау объектілері кондоминиумдар құрамында жоқ тұтынушылар үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) тұтынушыны электр желілеріне қосу схемасымен электр желілерінің теңгерімдік тиесілігін және тараптардың пайдалану жауапкершілігін ажырату актісінің көшірмелері;

2) энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым жасаған электр энергиясын коммерциялық есепке алу жүйесін қабылдау актісінің көшірмесі;

3) мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманың көшірмесі (заңды тұлғалар үшін), рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен үзінді көшірме (жеке кәсіпкерлер үшін) немесе жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (жеке тұлғалар үшін);

4) жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар туралы анықтаманың немесе құқық белгілейтін құжаттың көшірмесі;

5) ұйымның бірінші басшысын қоспағанда, жеке басын куәландыратын құжатты қоса бере отырып, электрмен жабдықтау шартын жасасуға уәкілетті тұлғаға берілген құжаттың (бұйрықтың, сенімхаттың, тұлғаның өкілеттігін растайтын құжаттың) көшірмесі (заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлер үшін);

6) техникалық шарттардың көшірмесі;

7) банктік деректемелер (банктің атауы, ағымдағы шоттың №) – заңды тұлғалар ғана ұсынады.

Электрмен жабдықтау объектілері кондоминиумдардың құрамында болатын тұтынушылар үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) Электр энергиясын пайдалану қағидаларының 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кондоминиум құрамындағы тұтынушылар үшін электр желілерінің теңгерімдік тиесілігін және тараптардың пайдалану жауапкершілігін ажырату актісінің көшірмесі, заңды тұлғалар ғана ұсынады;

2) кондоминиум объектісін басқарушы орган немесе энергия беруші ұйым жасаған электр энергиясын коммерциялық есепке алу жүйесін қабылдау актісінің көшірмесі;

3) мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманың көшірмесі (заңды тұлғалар үшін), рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен үзінді көшірме (жеке кәсіпкерлер үшін); жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (жеке тұлғалар үшін);

4) ұйымның бірінші басшысын қоспағанда, жеке басын куәландыратын құжатты қоса бере отырып, электрмен жабдықтау шартын жасасуға уәкілетті тұлғаға берілген құжаттың (бұйрықтың, сенімхаттың, тұлғаның өкілеттігін растайтын құжаттың) көшірмесі (заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлер үшін);

5) банктік деректемелер (банктің атауы, ағымдағы шоттың №), заңды тұлғалар ғана ұсынады;

6) жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар туралы анықтаманың немесе құқық белгілейтін құжаттың көшірмесі

**ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ЭЛЕКТР ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫН  
ҚОСУҒА ТЕХНИКАЛЫҚ ШАРТТАРДЫ АЛУЫ ҮШІН  
ӨТІНІШ ТОЛТЫРУ**

**ҮЛГІСІ**

1-нысан  
Тұтынушы:

**Асанбаев А. А. \***  
жеке тұлғаның аты, әкесінің аты  
(болған жағдайда), тегі немесе  
заңды тұлғаның атауы  
Тұтынушының  
мекенжайы, телефоны, факс  
және электрондық поштасы:  
**Шымкент қ, Байтұрсынов көш.,**  
**40 ү., 27п.**  
**Тел: 8-700-777-77-77**  
**Эл. почта: asan@mail.ru**

(ҚОЛЫ)

20\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

Электрмен жабдықтау желілеріне қосуға техникалық шарттарды беруге арналған өтініш

Объектінің (жұмыс істеп тұрған, реконструкцияланатын) толық атауы, оның мекенжайы, орналасқан жері, қосылу орны)

**Тұрғын үй және қосалқы шаруашылығын жүргізу үшін\*\*, Шымкент қ., Асар м/а., 2465 уч. \*\*\*, ГКТП-6589 0,4кВ өуе желісінен**

Техникалық шарттарды беру қажеттілігі (қажеттісін белгілеу): уақытша электрмен жабдықтауға (құрылыс кезеңіне), тұрақты негізде электрмен жабдықтауға)

Мәлімделген қуат: 5\*\*\*\* килоВатт (бұдан әрі - кВт)

Кернеу деңгейі (қосылатын қондырғының номиналды кернеуі) 0,4 Кв

Электрмен жабдықтау сенімділігінің санаты (қажеттісін белгілеу): (1, 2, 3) \*\*\*\*\*

Қосалқы тұтынушылардың тізбесі және олардың электр қондырғыларының сипаттамалары:

---

Мыналар қоса беріледі:

\*- Жеке тұлғаның Т. А. Ә, немесе электрмен жабдықтау объектісінің меншік иесінің заңды тұлғаның атауы.

\*\* - жер учаскесінің нысаналы мақсатына сәйкес электрмен жабдықтау объектісінің толық атауы

\*\*\*- электрмен жабдықтау объектісінің мекенжайы, орналасқан жері меншік иесінің мәліметтері бойынша толтырылады

\*\*\*\*- өз бетінше немесе сараптамалық ұйымды тарта отырып есептелген қуат

\*\*\*\*\*- III санаттағы электр қабылдағыштар үшін электрмен жабдықтау жүйесінің зақымдалған элементін жөндеуге немесе ауыстыруға арналған электрмен жабдықтаудағы үзіліс уақыты I тәуліктен аспаса, электрмен жабдықтау бір қорек көзінен жүзеге асырылады.

-II санаттағы электр қабылдағыштар – өнімнің жаппай шығарылмауына, жұмысшылардың, механизмдердің және өнеркәсіптік көліктің жаппай тоқтап тұруына, қала және ауыл тұрғындарының айтарлықтай санының қалыпты қызметінің бұзылуына әкелетін электр қабылдағыштар.

II санаттағы электр қабылдағыштар екі тәуелсіз өзара резервтейтін ток көздері арқылы электр энергиясымен қамтамасыз етіледі.

II санаттағы электр қабылдағыштар үшін қорек көзінің біреуінен электрмен жабдықтау бұзылған кезде, кезекші қызметкерлердің немесе жедел-көшпелі бригаданың қимылымен резервтік қоректі қосу үшін қажет уақытқа электрмен жабдықтауда үзіліске жол беріледі.

-I санаттағы электр қабылдағыштар – электрмен жабдықтаудағы үзілісі адамдардың өміріне қауіп төндіретін, кәсіпорындардың экономикасына айтарлықтай зардап тигізетін, негізгі қымбат жабдықтың зақымдалуы, өнімнің жаппай бүлінуі, күрделі технологиялық үрдістің бұзылуы, коммуналдық шаруашылықтың аса маңызды элементтерінің қызмет етуінің бұзылуына әкеліп соғатын электр қабылдағыштар.

I санаттағы электр қабылдағыштар екі тәуелсіз өзара резервтегі қорек көздерінен электр энергиясымен жабдыкталады, қорек көздерінің біреуінен электрмен жабдықтаудың бұзылуы кезінде олардың электрмен жабдыкталу үзілісі қоректі автоматты қалпына келтіру уақытында болуына ғана жол беріледі.

**Коммерциялық директор**

**Муктаганов А. Н.**

**ӨТҚ басшысы**

**Монтаев С. А.**

**келісілді:**

**Заң бөлімі**

**Алтаева Н. Б.**